



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9|786013|562445|

УДК 37.02
ББК 74.00

Әдебиеттер тізімі:

1. Massaget сайты https://massaget.kz/okushyilarga/mekter_omiri/58936/
2. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000_293
3. Абай Қара сөз. Книга слов. – Алматы: Атамұра, 2020. – 200 бет.
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 6-т.; Қожа Ахмет Иассауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы/ құраст.: А.Әлібеқұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы. – Алматы: Таймас, 2008. – 488 б.
5. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары/ Құраст.: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиев, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 656 бет.
6. Қазақ ахартушыларының философиясы. Жиырма томдық, 10 том – Астана: Аударма, 2007. – 472 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б..

УДК 376.3

**АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ
ҚАБІЛЕТІНДАМУДА НУМИКОН ҚҰРАЛЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Алипбаева Гульжан Агыбаевна
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің
аға оқытушы, биология магистрі,
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: gulzhanalipbaeva@mail.ru
Едрес Салтанат Нурланқызы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің
«6В01901 Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының
4 курс студенті, Қостанай қаласы, Қазақстан.
E-mail: saltanat.yedres@bk.ru

Аңдатпа

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар әлеуметтік қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу кезінде қиындықтарға тап болады, сонымен қатар мінез-құлқының, қызығушылықтарының немесе әрекеттерінің шектеулі, қайталанатын үлгілерін көрсетеді. Аутистік спектр бұзылысы бар балалар әдетте бір жасан екі жасқа дейін танылады. Математика күнделікті тұрмыста адам ылғи қолданатын ойлау жүйесі. Арнайы педагогтардың міндеті аутистік спектр бұзылысы бар балаларға күнделікті қарапайым өмірде математикалық есептеулерді қолдана алуға мүмкіндік жасай алуында. Математикалық қарапайым амалдарды үйрену арқылы кез-келген тұрмыстық қарым-қатынастарда еркін өмір сүруге, тәуелсіз болуға жағдай жасайды. Нумикон тәсілі балаға сандардың салыстырмалық мәнін түсіндіруде жиі қолданысқа ие. Екі жүйенің де негізгі ұқсас идеялары бар.

Түйінді сөздер: Аутистік спектр бұзылысы, арнайы педагог, ойлау қабілеті, нумикон құралы.

Аннотация

Дети с расстройством аутистического спектра испытывают трудности в социальном взаимодействии и взаимодействии, а также демонстрируют ограниченные повторяющиеся модели поведения, интересов или действий. Дети с расстройством аутистического спектра обычно распознаются в возрасте от одного до двух лет. Математика-это система мышления, которую человек всегда использует в повседневной жизни. Задача специальных педагогов состоит в том, чтобы дети с расстройствами аутистического спектра могли использовать математические вычисления в обычной повседневной жизни. Изучая простые математические операции, он создает условия для свободной жизни, Независимости в любых бытовых отношениях. Подход нумикона часто используется для объяснения ребенку относительного значения чисел. Обе системы имеют схожие основные идеи.

Ключевые слова: Расстройство аутистического спектра, специальный педагог, мышление, инструмент Нумикон.

Abstract

Children with autism spectrum disorder experience difficulties in social interaction and interaction, as well as demonstrate limited repetitive patterns of behavior, interests or actions. Children with autism spectrum disorder are usually recognized at the age of one to two years. Mathematics is a system of thinking that a person always uses in everyday life. The task of special teachers is to enable children with autism spectrum disorders to use mathematical calculations in their normal daily life. By studying simple mathematical operations, he creates conditions for a free life, Independence in any household relations. The numicon approach is often used to explain to a child the relative meaning of numbers. Both systems have similar basic ideas.

Key words: *Autism spectrum disorder, special teacher, thinking, numicon tool*

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар әлеуметтік қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу кезінде қиындықтарға тап болады, сонымен қатар мінез-құлқының, қызығушылықтарының немесе әрекеттерінің шектеулі, қайталанатын үлгілерін көрсетеді. Аутистік спектр бұзылысы бар балалар әдетте бір жастан екі жасқа дейін танылады. Алайда, көптеген балаларға есейгенге дейін диагноз қойылмайды. «Спектр» термині симптомдардың түрінің және ауырлығының өзгеруін білдіреді. Жұмсақ диапазондағылар дербес жұмыс істей алады, ал орташа және ауыр белгілері бар балалар күнделікті өмірде едәуір қолдауды қажет етуі мүмкін. Ұзақ мерзімді проблемаларға күнделікті тапсырмаларды орындау, қарым-қатынас құру және сақтау, жұмысты қолдау кезіндегі қиындықтар кіруі мүмкін. Себебі экологиялық, әлеуметтік, климаттық жағынан түрліше әсер ететіні анық. [1,11-13б].

Ең маңыздысы бұл балалардың өмірге келуіне, олардың ата-анасының денсаулығы, өмір сүру қалпы, ұлтына, зиянды әдеттеріне мүлдем қатысы жоқ. Аутистік спектр бұзылысы қыз балаларға қарағанда ұл балаларда жиі кездеседі және ата-анада ешқандай ауытқу болмайды. Аутистік спектр бұзылысы бар адамдардың ішінде ғылымның дамуына өз үлестерін қосқан, көптеген ғалымдар мен танымал тұлғалар болғанын айта кеткім келеді. Бүгінгі таңда осындай балалар өз бетінше өмір сүре алатының жоққа шығаруға болмайды. Олар біреудің көмегіне жүгінбей киіне алады, тамақтанады, жүреді, білім жағынан дамып, спортпен айналысып, қызығушылықтарын арттырады, шығармашылық тұрғыдан өздерін көрсете алады. Өміріміздің алғашқы кезеңінде барлығымызға көмек қажет. Соның ішінде ерекше туылған балалар балалық шақта ата-анасының қамқорлығына, айналасының махаббатына ынтық болады. Демек, дамуының алғашқы кездерінен бастап, отбасы мейірімін көріп өскен бала қоғамдық орталарда өзін бәрімен бірдей сезініп, ішкі жан дүниесінде өзін мазалайтын сұрақтар туындамайды. Ерте жастан психологиялық-педагогикалық көмек көрсету ертеңгі күні жарқын болашаққа оң ықпалын тигізеді. [2,48 бет].

Бүгінгі таңда математиканың адам өміріне қаншалықты маңызды екенің айтпасақ та белгілі. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың математикалық ойлау қабілеттерінің қаншалықты мықты екені әлі де болса анықталмаған тұжырым. Десек те жоғарыда айтқандай, мұндай балалардың ішінен белгілі бір салада жаңалық ашатын адамдар жиі кездеседі. Кейде бұл балалар сандармен байланысты кез-келген нәрсені қиындықпен қабылдайды және әр-түрлі математикалық дағдыларды қалыптастыру үшін оларға ұзақ уақыт қажет болады. Бірақ, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы негізгі амалдарды үйретуге әбден болады. Ол үшін ең алдымен аутистік спектр бұзылысына шалдыққан бала қандай қиындықты бастан өткерді, нені қабылдау қиын, қандай амал түсініксіз екенің анықтап алған дұрыс. Олардың игеру қабілетімен қоса жас ерекшеліктерін ескерген жөн [3, 122 б].

Математика күнделікті тұрмыста адам ылғи қолданатын ойлау жүйесі. Арнайы педагогтардың міндеті аутистік спектр бұзылысы бар балаларға күнделікті қарапайым өмірде математикалық есептеулерді қолдана алуға мүмкіндік жасай алуында. Математикалық қарапайым амалдарды үйрену арқылы кез-келген тұрмыстық қарым-қатынастарда еркін өмір сүруге, тәуелсіз болуға жағдай жасайды. Жалпы негізгі математикалық есептеу шегінде жүзге дейінгі амалдардың шығару жолын білсе болғаны. Көптеген елдерде ондық есептеу жүйесі кеңінен үйретіледі. Бұған себеп әр адамның қаржылай сауатты болуына әрі физикалық шамаларды үйренуге негізделген. Аутистік спектр бұзылысына шалдыққан балаларға жүзге дейінгі сандарды үйретіп, оларды қосу мен алуды үйрету негізгі міндет, ал көбейту мен бөлу ойлау қабілетінің шегі мен дамуына байланысты қалыптасады.

Балалар мен ересектердің математикалық дағдыларды қарастыру барысында жеткен жетістіктері мен қабілеттері жайлы ақпараттар сирек кездеседі. Себебі базалық деңгейде меңгеру оңайға түспейді. Ұлыбританияда өткізген сараптамада 46 балаға бақылау жүргізілген болатын. Ғылыми сараптама нәтижесінде жалпы білім беруде біріктірілген балалар яғни инклюзивті оқыған балалар жеке оқытқан балаларға қарағанда даму деңгейі жоғары екені дәлелденген. Сонымен қатар, сынып ішінде аутистік спектр бұзылысына шалдыққан, бірақ математиканы жақсы көретін балалардың меңгеру жүйесі жоғары болғаны байқалған. Сараптама нәтижесі инклюзивті оқытудың тиімділігін алға тартып қана қоймай, тек қызығушылықтың арқасында ештеңеге қарамай барлығын үйренуге болатынын дәлелдеді.

Сараптамада 6 жастан 14 жасқа дейінгі 24 балаға бақылау ұйымдастырылды. Олардың дамуы қалыпты балалардан 2 жылға артта қалғаны байқалды. Бірақ реттіліктерді санау үшін, балаларға алты үштен екі есе үлкен екенін, немесе тоғыз бестен үлкен екенін түсіну аса қатты маңызды емес. Арнайы педагог баламен жұмыс жасау барысында баланың ойлау қабілетінің шегін анықтап алған жөн. Әр балаға жеке басының ерекшеліктеріне тән тапсырмалар беріп, қызығушылықтарын арттыратын көрнекі құралдар мен қызықты материалдарды пайдаланса сабақ соғұрлым қызықты өтеді. Мысалы күрделі тапсырмаларды ұсақ бөліктерге бөлу арқылы тақырыпты жеңіл меңгеруге жағдай жасауға болады. Жақында жүргізілген зерттеулерге сәйкес, аутистік спектр бұзылысы бар балаларға оқу процессінде компьютерлік бағдарламаларды қолданған кезде, санау мен сандарды салыстыруды тезірек үйренеді. Бұған себеп бала компьютермен жұмыс жасау барысында өзін басқа қырынан танып, техникамен жұмыс жасау кезінде өзін еркін сезінеді [4, 48 б].

Нумикон тәсілі балаға сандардың салыстырмалық мәнін түсіндіруде жиі қолданысқа ие. Екі жүйенің де негізгі ұқсас идеялары бар. Материалдар сандардың салыстырмалық жүйесін нақты көрсетеді және балаға есептеу мен арифметикалық есептеулерді іс жүзінде игеру үшін көптеген мүмкіндіктер береді. Үлестірмелі нұсқаулыққа толы Стерн жүйесін ең алғаш ойлап тапқан доктор Кэтрин Стерн болатын. Оның пайымдауы бойынша «Бұл әдіс балалар өздері қалағандай бөліктер құрауына, сол арқылы сандар әлемімен таныс болуына мүмкіндік жасайды»-делінген болатын. Жиынтықта сандар түрлі түсті ұзындықтағы ағаш блоктармен ұсынылған. Қораптар арқылы оңға дейін, жиырмаға дейін, жүзге дейін санауға, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажыратуға мүмкіндік көп. Нумикон құралында бүтін сандар Стерн жүйесі сынды фигуралармен ұсынылған. Нумикон құралында көптеген пластинкалар беріледі және олар түрлі түсті болып келеді [4, 55 б].

Пішініне қарай пластинкалардағы шеңбер сандары да әртүрлі болып келеді. Пластинкаларды біріктіру арқылы сандарды қосуға, сонымен қатар дауыстап айтылған сандарды шеңберлер арқылы ойласып келтіруге жағдай жасалған. Сонымен қатар жинаққа тапсырмалар, карталар, бекітуге арналған құрылғылар қосалқы түрде беріледі. Күрделі іс-әрекет процессінде баланы оқыту шығармашылық жұмыспен әспеттесуі тиіс. Балаларды құрастыруға үйрету кезінде жоспарлаудың маңызы ерекше, өйткені ақыл-ой белсенділігі дамиды, бұл оқу іс-әрекетін қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады. Түрлі түсті пішіндерді көргенде балалар өздерінің не істейтіндерін ақылмен елестетеді және оларды қалай және қандай ретпен орындайтындарын алдын-ала жоспарлайды. Өздері қалаған, ойдан құрап шығарған белгілі бір затты сипаттауды сұрағанда олар ойланумен қатар, сөздік қорларының қаншалықты екенін көрсетеді. Осылайша, конструктивті іс-әрекет барысында ақыл-ой белсенділігі мен сөйлеу белсенділігі дамиды. Бүгінгі күні елімізде осы құрылғының көмегіне жүгінетін арнайы педагог мамандар айтарлықтай өсіп келе жатыр [5, 6 б].

Математиканың амалдарын оқыту кезеңінде негізгі талаптарды орындаған жөн. Себебі әр амалға өзінің жеке тактикасы мен жеңіл ұғымдарын қарастыруға мүмкіндік көп. Әр амалды түсіндіру барысындағы талаптарды жеке-жеке қарастыратын болсақ: қосудың екі түрі бар: екі түрлі мөлшерді қосқанда және белгілі бір мөлшерге тағы бір нәрсе қосқан кезде қолданамыз.

Азайту кезінде төрт түрлі форманы қолданамыз. Бірінші форма – "жойылу". Мұнда біз бір нәрсенің болмауына негіздейміз. Екінші форма – "азайту". Үшінші форма – "айырмашылық". Төртінші форма – "керісінше қосу" деп аталады. Нумикон жүйесінде жұмыс істей отырып, әр форманы жеке-жеке тиянақты түсіндіре білуі қажет. Сондай-ақ, балалар жаңа формаларды құруды және олардың кеңістіктегі орнын өзгертуді үйренеді. Сонымен қатар, формалармен жұмыс жасай отырып, балалар симметрия мен жұп асимметрияны ажырата бастайды. Нумикон жүйесі оқытудың тоғыз сатысына есептелген. Оның негізі-санау және математикалық ойлау [5, 8 б].

Осы нұсқаулықтың бағалау бөлімінде біз барлық жаттығулар бар кестені таба аламыз әрі бұл құрал ерте жастағы математикалық дамудың стандартты статистикасына сәйкес келеді. Сабақты қалай өткізсеңіз де, негізгі математикалық ұғымдарды ұстаныңыз. Ең алдымен өзіңіз түсіну арқылы, тапсырмалар мен оқыту әдістерінің мәнін ұғыну арқылы ғана балалардың сізге күтпеген жерден сұрақтар қойып, күтпеген жауаптар бере бастағанда, сіз өзіңізді сенімді сезінесіз және импровизация жасай алатын боласыз. Осындай деңгейге жету үшін арнайы педагог сауатты болуы тиіс. Әр сабақтың соңында балалар жасаған барлық нәрсені талқылап, олардан не істегендерін өздері түсіндіруді сұрау міндетті: осылайша тапсырманың мақсатын бір рет атап өту қажет. Бұл нұсқаулық шынымен санау дағдыларын үйретіп қана қоймай, аутистік спектр бұзылысы бар балаларға шығармашылық жағынан дамуға септігін тигізеді. Бұл даму ерекшеліктері бар балалар үшін жақсы әдістемелік қадам. Нумикон құралын тиімді пайдалану, қабылдауға күрделі болып көрінген математикалық амалдарды қарапайым әрі ойын ретінде түсіндіруге жағдай жасайды. Ал қалыпты баланы тек осы құралмен оқытатын болсақ оның дамуында керісінше бәсеңдеу байқалады. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды оқыту ерекше көзқарасты қажет ететіні жасырын емес. Олар үшін математика саласындағы білімді игеру ең қиын жұмыс болып көрінеді.

Бірнеше онжылдықтар бұрын аутистік спектр бұзылысы бар балаларға білім беру мүмкін еместей көрінгенболатын [7].

Уақыт өте келе заманауи технологиялар мен білікті мамандар саны артып кез-келген кемшілікті түзетуге болатынын дәлелдей бастады. Әр адам үшін білімнің маңызы ерекше орын алады. Қоғамдық өмірде бәсекеге қабілетті болу үшін, жоғарғы орындарда білім алудың маңызы зор. Математика адам өмірінің негізгі бөлігін құрайды. Сол сияқты бұзылысыбар балалар да өз бетінше өмір сүріп дағдылануы үшін математикалық қабілеттіктерін арттыруы тиіс. Жоғарыда атап өткендей аутистік спектр бұзылысына шалдыққан балаларға математикада кездесетін қарапайым амалдарды түсіну сонымен қатар оларды меңгеру ұзақ уақытты талап етеді. Жаңа білімді түсіндіру түсіндіре алуға қабілетті болу үшін арнайы педагог жаңашылдыққа жақын болумен қатар түрлі әдіс-тәсілдерді білуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баенская Е.Р. Нарушения аффективного развития ребенка при формировании синдрома раннего детского аутизма // Дефектология. – 2008. – № 4. – С. 11-19.2. Назарова Н.М. Арнайы педагогика – М. 2004 жыл.
3. Аутизм. Медицинское и педагогическое воздействие: книга для педагогов-дефектологов / Пер. с англ. О.В. Деряевой; под науч. ред. Л.М. Шипицыной; Д.Н. Исаева. – М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2005. – 144 с. – (Коррекционная педагогика).
4. Сладкова Е.А., Терентьева К.Ю. Использование Нумикона на занятиях группы подготовки к школе // Синдром Дауна XXI век. 2011. № 2. С. 48–55.
5. Сладкова Е. А., Терентьева К. Ю. Нумикон и другие способы познакомиться с математикой // Сделай шаг. 2011. № 3 (44). С. 5–9.
6. URL: <https://www.numicon.co.nz/> (дата обращения: 09.11.2022)
7. <https://global.oup.com/education/content/primary/series/numicon/?region=international>

ӨОЖ 371.59:

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНА ЫҚПАЛЫ

Алисінқызы Бағдагүл
магистрант, Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Қызылорда қ., Қазақстан
E-mail: bagda.alisinkyzy@bk.ru

Аңдатпа

Мақала жеткіншектердің өзін-өзі жүзеге асыруының өзекті мәселесіне және білім беру ұйымындағы мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару қызметін жетілдіруге арналған. С.И. Кудиновтің «Өзін-өзі жүзеге асыру» және В.Т. Кабуштың «өзін-өзі басқару» ұғымының анықтамалары негізінде жеткіншектердің әртүрлі әрекеттесу салаларында, соның ішінде өзін-өзі басқару қызметінде өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін факторлармен сипатталатын жеткіншектікке зейін ерекшеліктеріне назар аударылады.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару моделінің сыртқы және ішкі жағдайларын бағалау критерийлері мен көрсеткіштерінің классификациясы ұсынылған. Зерттеудің өзектілігі жеткіншектердің өзін-өзі жүзеге асыруының шарты ретінде мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару моделін одан әрі жетілдіру және басқару қызметін барабар талдауға байланысты екендігі сипатталған.

***Түйінді сөздер:** өзін-өзі жүзеге асыру; жеткіншектердің өзін-өзі басқаруы; критерийлер мен көрсеткіштер; басқарушылық қызмет*

Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме самореализации подростков и совершенствованию самоуправления школьников в образовательных организациях. В концепции «Самореализация» С.И.Кудинова и В.Т.Кабуша «Самоуправление» на основе определений понятия внимание уделяется особенностям подросткового возраста, характеризуемым факторами, влияющими на самореализацию в различных сферах взаимодействия подростков, в том числе в самоуправленческой деятельности.